

"Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 25 ақпандағы № 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 ақпанда № 26968 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 290 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5962 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Есепке алудың құжаттары";

7-1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын күнделікті есепке алу үшін аумақтық қазынашылық органдары бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға электрондық тасығыштарда тиісті жергілікті бюджет бойынша жиынтықта 5-34А "Ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-дағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы қалдықтар туралы есеп" нысанын ұсынады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Бюджеттің атқарылуын есепке алу тіркелімдері";

8-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттардың толық жазылуы (ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, нысаналық қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор), Жәбірленушілерге өтемақы қорының, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін республикалық бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттердің (бұдан әрі – ӘМСҚ трансферттері), Еуразиялық экономикалық одақтың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары, мемлекеттік сатып алу шоттарын, соманы анықтауға дейінгі шотты, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотын есепке алуға арналған);";

10-тармақтың сегізінші және тоғызыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазынашылық комитетінің балансы БҚШ, республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ, сыртқы қарыздар шотындағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, нысаналық қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ, Еуразиялық экономикалық одақтың шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, шетел валютасының шоттарындағы, соманы анықтауға дейінгі шоттардағы, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, есеп айырысулардағы ақша бойынша, жергілікті бюджет жетіспеушіліктері бойынша (бұдан әрі – ЖБ), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы қалдықтарын көрсетеді.

Жергілікті бюджеттерін атқарылу балансы тиісті жергілікті бюджеттердің ҚБШ, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың тиісті ҚБШ, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы, мемлекеттік сатыпалу шоттарындағы ақшаның қалдықтарын көрсетеді.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Бастапқы құжаттарды, есептік тіркелімдерді және бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептерді сақтау";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Бюджеттік есепке алу шоттарының жоспары";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 3 "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар" шотында ұлттық валютадағы республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) және жергілікті бюджеттер ҚБШ, сыртқы қарыздар бойынша шоттарда, ақылы қызметтердің қайырымдылық көмек, ақшаларды уақытша орналастыру, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ, анықтағанға дейінгі сомалар шотында, Еуразиялық экономикалық одақ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарында, мемлекеттік сатып алу шоттарында, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотында, сондай-ақ Ұлттық банктегі салымдарға (депозиттерге) жергілікті бюджеттердің тартылған ақшалары есепке алынады.

3-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

300 "РБ ҚБШ";

301 "ЖБ ҚБШ";

302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот";

303 "Еуразиялық экономикалық одақтың шоты";

304 "РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";

305 "ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";

307 "Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ";

308 "Мемлекеттік сатып алу шоты";

309 "ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ";

310 "РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";

311 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";

320 "РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";

321 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";

330 "РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";

331 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";

340 "Ұлттық қордың ҚБШ";

350 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ";

360 "Соманы анықтауға дейінгі шот";

370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ";

371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты";
372. "Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты";

373 "Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты";

374 "Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты";

380 "ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот";

390 "Түсімдердің жинақтау шоты".";

27-5-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 27-9, 27-10 және 27-11-тармақтармен толықтырылсын:

"27-9. 372 "Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты" қосалқы шотында операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарындағы ақша қозғалысы ескеріледі.

Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шотына ақшаның түсуі 372-қосалқы шоттың дебеті және 600-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шотынан ақшаны жұмсау 500 қосалқы шоттың дебеті және 372 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

27-10. 373 "Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты" қосалқы шотында мемлекет кепілдік берген қарыз шотындағы ақша қозғалысы ескеріледі.

Мемлекет кепілдік берген қарыз шотына ақша түсімі 373 қосалқы шоттың дебеті және 621 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген қарыз шотынан ақшаны жұмсау 521-қосалқы шоттың дебеті және 373-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

27-11. 374 "Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты" қосалқы шотында мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотындағы ақша қозғалысы ескеріледі.

Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотына ақша түсімі 374 қосалқы шоттың дебеті және 622 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотынан жүргізілген шығыстар 522-қосалқы шоттың дебеті және 374-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

47, 48 және 48-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"47. 5 "Есеп айырысулар" шотында ақшалардың жұмсалуды бойынша операциялар, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін тартылған жергілікті бюджеттердің қаражаттарын орналастыру бойынша есеп айырысулар, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар, ішкі есеп айырысулар есепке алынады.

5-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

500 "Шығыстарды жүргізу";
501 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";
502 "ЖБ қайырымдылық көмегінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";
503 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу";

510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу";

521 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу";

522 "Қызмет көрсету, мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу".

48. Қазынашылық комитеті 500 "Шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дан, ақылы қызметтер, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру ҚБШ-нан, Еуразиялық экономикалық одағының шотынан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарын, мемлекет кепілдік берген қарыз шоттарын, мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоттарын және мемлекеттік сатып алу шоттарынан жүргізілген шығыстарды есепке алады.

Жүргізілген шығыстар сомасына әр күнге 500 қосалқы шотының дебеті және 300, 301, 303, 304, 305, 307, 308, 310, 311, 320, 321, 330, 331, 340, 350, 372, 373, 374 қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кассалық шығыстарды республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ қалпына келтіру 300, 301 қосалқы шоттарының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

БҚШ бойынша жүргізілген шығыстар 100 "Бірыңғай қазынашылық шот" қосалқы шотының дебеті және 500 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

48-1. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары:

500 "Шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында – жергілікті бюджеттің ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттарына және мемлекеттік сатып алу шоттары бойынша шығыстары;

501 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында;

502 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында;

503 "ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында;

510 "Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу" қосалқы шотында есепке алады.

Жүргізілген шығыстар сомасының әрбір күніне 501 қосалқы шотының дебеті мен 311 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ кассалық шығыстарды қалпына келтіру 311 қосалқы шотының дебеті мен 501 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.";

48-4-тармақ алынып тасталсын;

52-1 және 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52-1. 6 "Түсімдер" шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы, ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы түсімдер бойынша операциялар есепке алынады.

6 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

600 "Түсімдерді есепке алу";

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

621 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу";

622 "Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдерді есепке алу";

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында Қазынашылық комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, ақылы қызметтер қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, өзін-өзі басқару, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы түсімдер есепке алынады.

БҚШ бойынша жүргізілген түсімдер 600 қосалқы шотының дебеті және 100 " Бірыңғай қазынашылық шоты" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ-на және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына, операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоттары және мемлекеттік сатып алу шоттарына түсімдерді;

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу" есепке алады.

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ түсімдер есепке алынады.

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 311 қосалқы шоттың дебеті және 601 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдер есепке алынады.

ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 321 қосалқы шоттың дебеті және 602 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға түсімдер ескеріледі.

ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша жүргізілген түсімдер 331 қосалқы шоттың дебеті және 603 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша шотқа түсімдер есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген түсімдер 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотының дебеті және 610 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

53. 9 "Нәтижелер" шотында сыртқы қарыздар бойынша, ЖБ ақылы қызметтері бойынша, ЖБ қайырымдылық бойынша, ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша, жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелері есепке алынады.

9 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

900 "Бюджеттің атқарылу нәтижесі";

910 "Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі";

911 "ЖБ ақылы қызметтері бойынша атқарылу нәтижесі";

921 "ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі";

931 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі".

Жергілікті бюджеттердің атқарылу нәтижелерін анықтауға 900 "Бюджеттің атқарылу нәтижелері" қосалқы шоты арналған.

Қаржы жылының аяқталуы бойынша осы шотта түсімдер мен шығыстар сомалары көрсетіледі.

Нәтижелері жылдың аяғында 600 қосалқы шоты бойынша қалдықты 900 қосалқы шоттың кредитіне, ал 500 қосалқы шоты бойынша қалдығы 900 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығару арқылы анықталады.

Бюджет түсімдері мен шығыстарын 900 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 600 және 500 қосалқы шоттары жабылады.

900 қосалқы шоты бойынша алынған кредит қалдығы бюджеттің атқарылу нәтижесі болып табылады.

Бюджет кодексінің 104-бабына сәйкес жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары 900 қосалқы шотта қалады.";

53-5-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 53-6 және 53-7-тармақтармен толықтырылсын:

"53-6. 951 "Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 621 қосалқы шоты бойынша қалдықты 951 қосалқы шотының кредитіне, ал 521 қосалқы шоты бойынша қалдықты 951 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдер мен шығыстарды 951 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 621 және 521 қосалқы шоттар жабылады.

951 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

53-7. 952 "Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі" қосалқы шоты мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижелерін айқындауға арналған. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін осы шотта түсімдер мен шығыстардың сомалары көрсетіледі. Нәтижелер жылдың аяғында 621 қосалқы шоты бойынша қалдықты 951 қосалқы шотының кредитіне, ал 521 қосалқы шоты бойынша қалдықты 951 қосалқы шотының дебетіне есептен шығару жолымен айқындалады.

Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдер мен шығыстарды 951 қосалқы шотқа есептен шығарғаннан кейін 621 және 521 қосалқы шоттар жабылады.

951 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі болып табылады.

Көрсетілген Қағидаларға 8, 10, 20, 24 және 25-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
№ 218 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
8-қосымша

№ 1 нысан

Қазынашылық комитетінің балансы 20__ жылғы "___" _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

	Жолдың коды	Есепті жылдың басындағы	Есепті күнге
1	2	3	4
I. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар			
РБ ҚБШ (300)	1		
ЖБ ҚБШ (301)	2		
Сыртқы қарыздар бойынша шот (302)	3		

Еуразиялық экономикалық одақтың шоты (303)	4		
РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты (304)	5		
ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты (305)	6		
Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ (307)	7		
Мемлекеттік сатып алу шоты (308)	8		
ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ (309)	9		
РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (310)	10		
ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (311)	11		
РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ (320)	12		
ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ (321)	13		
РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (330)	14		
ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (331)	15		
Ұлттық қордың ҚБШ (340)	16		
Н ы с а н а л ы қаржыландыру ҚБШ (350)	17		
Соманы анықтауға дейінгі шот (360)	18		
Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ (370)	19		
Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты (371)	20		
Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты (372)	21		
Мемелекет кепілдік берген қарыз шоты (373)	22		

Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты (374)	23		
ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот (380)	24		
Түсімдердің жинақтау шоттары (390)	25		
II. Шетел валютасындағы шоттар			
Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты (400)	26		
Аумақтық қазынашылық органдарының шоты (410)	27		
ЕАЭО туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты (420)	28		
Шетел валютасындағы басқа да шоттар (430)	29		
Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты (440)	30		
III. Есептер			
Шығыстарды жүргізу (500)	31		
Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (510)	32		
Мемлекеттік кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу	33		
Қызмет көрсету, мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу	34		
ЖБ қаражатын орналастыру жөніндегі есептер (520)	35		
ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есептер (530)	36		
Баланс	37		
Пассив	Жол коды	Есепті жылдың басындағы	Есепті күнге
1	2	3	4
I. Ақшалай қаражаттар			

Бірыңғай қазынашылық шот (100)	38		
Есеп айырысудағы ақша (110)	39		
Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар (120)	40		
II. ҚР Ұлттық банкінде орналастырылған қаражат			
БҚШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (210)	41		
ЖБ ҚБШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (220)	42		
III. Түсімдер			
Түсімдерді есепке алу (600)	43		
Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу (610)	44		
Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу	45		
Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдерді есепке алу	46		
IV. Нәтижелер			
Бюджеттің атқарылу нәтижесі (900)	47		
Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі (910)	48		
Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі	49		
Мемлекет кепілдік берген қарыздарға көрсету бойынша атқарылу нәтижесі	50		
Баланс	51		
Баланстан тыс шоттар			
Бюджеттік кредиттер (013)	52		

Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі (014)	53		
Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер (015)	54		
Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резерві (018)	55		
Аккредитивтер (019)	56		

Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу бойынша құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ – республикалық бюджет;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ӘМСҚ – әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одағы;

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
№ 218 бұйрығына
2-қосымша
Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
10-қосымша

№ 2 нысан

Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп
20__ жылғы " __ "

(уәкілетті органның атауы)

Өлшем бірлігі: мың теңге

--	--	--	--

	Жол коды	Сомасы
1	2	3
Жыл басындағы ақша қалдығы	100	
Ақша түсімі - барлығы (201-220-жолдардың сомалары):	200	
РБ ҚБШ	201	
ЖБ ҚБШ	202	
РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ	203	
РБ, ЖБ қайырымдылық көмек ҚБШ	204	
РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ	205	
РБ сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ	207	
ҚР ҰБ орналастырылған қаражат	208	
Ұлттық қордың ҚБШ	209	
Жәбірленушілерге өиемақы қорының ҚБШ	210	
Нысаналы қаржыландыру ҚБШ	211	
Еуразиялық экономикалық одақтың шоты	212	
Анықтауға дейінгі сомалар шоты	213	
РБ, ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты	214	
Мемлекеттік сатып алу шоты	215	
ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ	216	
Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты	217	
Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты (372)	218	
Мемлекет кепілдік берген қарыз шоты (373)	219	
Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты (374)	220	
Есеп айырысудағы ақша	300	
ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар	400	
Ақша шығысы - барлығы (501-522-жолдың сомалары):	500	
РБ ҚБШ	501	
ЖБ ҚБШ	502	
РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ	503	

РБ, ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ	504	
РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ	505	
Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ	507	
ҚР ҰБ орналастырылған қаражат	508	
Ұлттық қордың ҚБШ	509	
Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ	510	
Нысаналы қаржыландыру ҚБШ	511	
Еуразиялық экономикалық одақтың шоты	512	
Анықтауға дейінгі сомалар шоты	513	
РБ, ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты	514	
Мемлекеттік сатып алу шоты	515	
ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ	516	
Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты	517	
Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау шоты	518	
Мемлекеттік кепілдік берген қарыз шоты	519	
Мемлекеттік кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты	520	
Есеп айырысудағы ақшалар	600	
ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар	700	
Кезеңнің сонындағы ақша қалдығы (100 жол+200 жол+300, 400 жолдар-500 жол-600, 700-жолдар)	800	

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу бойынша

құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

НЫСАН

(уәкілетті органның атауы)

Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде операциялық күннің жабылуы туралы есеп 20 _____ жылғы " _____ " _____

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

	одақтың шоты														
14	Мемлекетті к сатып алу шоты														
15	Жәбірлену шілерге өтемақы қорының ҚБШ														
16	Бірыңғай қазынашыл ы қ шотындағы а қ ш а қалдығына сыйақы шоты														
17	Мемлекетті к кепілдік берген қарыз шоты														
18	Мемлекетті к кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты														

Бюджетті атқару жөніндегі
уәкілетті органның басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБАЕО – Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы;

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ – республикалық бюджет;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ӘМСҚ – әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
№ 218 бұйрығына
4-қосымша
Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
24-қосымша

Бюджеттік есепке алу шоттарының жоспары

Шоттар нөмірі	Шоттар атауы	Қосалқы шоттар нөмірі	Қосалқы шоттар атауы
1	Ақшалай қаражат		
		100	Бірыңғай қазынашылық шот
		110	Есеп айырысудағы ақшалар
		120	Шетелдік валюталардың түрлері бойынша корреспонденттік шоттар
2	Қазақстан Республикасының ҰБ орналастырылған қаражат		
		210	БҚШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)
		220	ЖБ ҚБШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)
3	Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа да шоттар		
		300	РБ ҚБШ
		301	ЖБ ҚБШ
		302	Сыртқы қарыздар бойынша шот
		303	Еуразиялық экономикалық одақтың шоты
		304	РБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты
		305	ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты
		307	Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ
		308	Мемлекеттік сатып алу шоты
		309	ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ
		310	РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ

		311	ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ
		320	РБ қайырымдылық көмек ҚБШ
		321	ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ
		330	РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ
		331	ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ
		340	Ұлттық қордың ҚШБ
		350	Н ы с а н а л ы қаржыландыру ҚБШ
		360	Анықтауға дейінгі сомалар шоты
		370	Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ
		371	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты
		372	Операторлардың қаржылық және (немесе) қаржылық емес колдау шоты
		373	Мемлекеттік кепілдік берген қарыз шоты
		374	Мемлекеттік кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шоты
		380	ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шоттар
		390	Түсімдердің жинақтау шоттары
4	Шетел валютасындағы шоттар		
		400	Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты
		410	Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты
		420	ЕАЭО туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты
		430	Шетел валютасындағы басқа да шоттар
		440	Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты
5	Есеп айырысулар		

		500	Шығыстарды жүргізу
		501	ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		502	ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		503	ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		504	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		510	Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу
		520	ЖБ қаражатын орналастыру бойынша есеп айырысулар
		521	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу
		522	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша шығыстарды жүргізу
		530	ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар
		540	Ішкі есеп айырысулар
6	Түсімдер		
		600	Түсімдерді есепке алу
		601	ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу
		602	ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу
		603	ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу
		604	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу

		610	Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу
		621	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу
		622	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша түсімдерді есепке алу
9	Нәтежелер		
		900	Бюджеттің атқарылу нәтижесі
		910	Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі
		911	ЖБ ақылы қызметтер бойынша атқарылу нәтижесі
		921	ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі (921)
		931	ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі
		941	Жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі
		951	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі
		952	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша атқарылу нәтижесі
	Баланстан тыс шоттар		
		013	Бюджеттік кредиттер
		014	Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі
		015	Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер
			Қазақстан Республикасы Үкіметінің және

		018	жергілікті атқарушы органдардың резерві
		019	Аккредитивтер

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ – республикалық бюджет;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ӘМСҚ – әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одағы;

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
№ 218 бұйрығына
5-қосымша
Бюджеттік есепке алуды
жүргізу қағидаларына
25-қосымша

Бірыңғай қазынашылық шотының негізгі операциялары мен сыртқы қарыздар бойынша қосалқы шоттардың корреспонденциясы

р/с №	Операциялардың мазмұны	Қосалқы шоттардың нөмірлері	
		дебет бойынша	кредит бойынша
1	2	3	4
1	Ұлттық валютадағы түсімдер		
1.1	Жинақтау шотына арналған түсімдерді есепке алу	390	600
1.2	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша түсімі	371	600
1.3	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотынан аудару	390	371
1.4	РБ, ЖБ, Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ, анықтауға дейінгі шотқа түсімдерді бөлу	300, 301, 340, 370 360	390
1.5	Сыртқы қарыздар бойынша шотқа түсімдері	302	610

1.6	Ақылы қызметтердің ҚБШ түсімдер	310, 311	600
1.7	Қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдер	320, 321	600
1.8	Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ түсімдер	330, 331	600
1.9	Н ы с а н а л ы қаржыландыру ҚБШ түсімдер	350	600
1.10	РБ ҚБШ-на түсімдер тасымалдары	300	600
1.11	РБ ҚБШ-нан түсімдер тасымалдары	600	300
1.12.	Бюджеттен қайтарулар	390	300, 301
1.13.	Анықтауға дейін сомалар шоттан түсімдерді ҚБШ арасында бөлу	300, 301, 340, 310, 311, 320, 321, 330, 331, 303, 308, 309, 370	360
1.14	Еуразиялық экономикалық одақтың шотына түсімдер	303	390
1.15	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, операторлардың қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау шоттарына түсімдер	304, 305, 372	600
1.17	Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ	307	600
1.18	Мемлекеттік сатып алу шоттарына түсімдер	308	600
1.19	ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ түсімдер	309	600
1.20	Мемлекет кепілдік берген қарыз шотына түсетін түсімдер	373	621
1.21	Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету шотына түсетін түсімдер	374	622
2.	Ұлттық валютадағы шығыстар		
2.1	РБ, ЖБ ҚБШ шығыстар	500	300, 301
2.2	Сыртқы қарыздар бойынша шоттар шығыстары	510	302
2.3	Еуразиялық экономикалық одақтың шоттың шығыстары	500	303

2.4	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, операторлардың қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау шоттарынан шығыстар	500	304, 305
2.6	Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-нан шығыстар	500	307
2.7	Ақылы қызметтердің ҚБШ-нан шығыстар	500	310, 311
2.8	Қайырымдылық көмектің ҚБШ-нан шығыстар	500	320, 321
2.9	Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-нан шығыстар	500	330, 331
2.10	Ұлттық қордың ҚБШ-нан Үкіметтің ҚР ҰБ-гі шотына аударылды	500	340
2.11	Бюджетке артық (кате) түскен соманы бюджеттен қайтару, оның ішінде Ұлттық қордан тартылған кепілдендірілген трансферттің бір бөлігін бір жылдың ішінде республикалық бюджеттен Ұлттық қорға қайтару	390	300
2.12	Н ы с а н а л ы қаржыландырудың ҚБШ-нан шығыстар	500	350
2.13	РБ, ЖБ ҚБШ кассалық шығыстарды қалпына келтіру	300,301	500
2.14	Мемлекеттік сатып алу шоттарынан шығыстар	500	308
2.15	ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ-нан шығыстар	500	309
2.16	Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-нан шығыстары	500	370
2.17	Мемлекет кепілдік берген қарыз шоттарынан шығыстар	521	373
2.18	Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет	522	374

	көрсету шотынан шығыстар		
3.	Операциялық күнді аяқтау		
3.1	БҚШ бойынша шығыстарды жүргізу	100	500
3.2	БҚШ бойынша түсімдерді жүргізу	600	100
4.	Депозиттерге орналастыру		
4.1	БҚШ-нан депозитке орналастыру	100	210
4.2	ЖБ уақытша бос қаражатын депозитке орналастыру		
4.2.1	ЖБ-тен уақытша бос қаражатты транзиттік шотқа тарту	380	301
4.2.2	ҚР ҰБ-гі депозитке транзиттік шоттан тартылған қаражатты аудару бойынша есептер	520	380
4.2.3	ҚР ҰБ-гі депозитке БҚШ-нан қаражатты есепке алу	100	220
5.	Шетел валютасындағы операциялар		
5.1	Шетел валютасының түсімі	400, 410, 420, 430, 440	120
5.2	Оң бағамдық айырма есептелді	400, 410, 420, 430, 440	120
5.3	Теріс бағамдық айырма есептелді	120	400, 410, 420, 430, 440
5.4	Шетел валютасын аудару (аудару, қайта айырбастау, қолма-қол шетел валютасын беру)	120	400, 410, 420, 430, 440
6	Сыртқы қарыздар бойынша жылдың жабылуы		
6.1	Жылдың аяғында есептен шығару		
6.1.1	қаржы жылындағы түсімдер	610	910
6.1.2	қаржы жылындағы шығыстар	910	510
7	Мемлекеттік кепілдік берген қарыздар бойынша жылдың жабылуы		
7.1	Жыл соңында есептен шығару		
7.1.1	қаржы жылындағы түсімдер	621	951
7.1.2	қаржы жылындағы шығыстар	951	521

8	Мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету бойынша жылдың жабылуы		
8.1	Жыл соңында есептен шығару		
8.1.1	қаржы жылындағы түсімдер	622	952
8.1.2	қаржы жылындағы шығыстар	952	522

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ – республикалық бюджет;

ЖБ – жергілікті бюджет;

ӘМСҚ – әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;

БҚШ – Бірыңғай қазынашылық шоты.